

МАТЕРИАЛИ
**ЗА VIII МЕЖДУНАРОДНА
НАУЧНА ПРАКТИЧНА КОНФЕРЕНЦИЯ**

**«КЛЮЧОВИ ВЪПРОСИ
В СЪВРЕМЕННАТА НАУКА -
2012»**

17 - 25 април 2012 г.

Том 17
Филологични науки

София
«Бял ГРАД-БГ» ООД
2012

То публикува «Бял ГРАД-БГ» ООД, Република България, гр.София,
район «Триадица», бул. «Витоша» №4, ет.5

**Материали за 8-а международна научна практическа
конференция, «Ключови въпроси в съвременната наука», - 2012.**
Том 17. Филологични науки. София. «Бял ГРАД-БГ» ООД -
64 стр.

Редактор: Милко Тодоров Петков

Мениджър: Надя Атанасова Александрова

Технически работник: Татяна Стефанова Тодорова

Материали за 8-а международна научна практическа конференция,
«Ключови въпроси в съвременната наука», 17 - 25 април 2012 г.
на филологични науки.

За ученици, работници на проучвания.

Цена 10 BGLV

ISBN 978-966-8736-05-6

© Колектив на автори, 2012
© «Бял ГРАД-БГ» ООД, 2012

Ибраева Д.С.

ҚазҰУ-дың филология, әдебиеттанды және әлем
тілдері факультеті, қазақ әдебиеті және әдебиет
теориясы кафедрасының 2-курс магистранты

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӘMİR ШЫНДЫҒЫ

Қазіргі қазақ поэзиясы дамудың данғыл жолына түсіп, тындан жол салып келеді. Ел тәуелсіздігін алған соң бұрынғы қазақ кеңестік поэзиясы құрт бетбұрыс жасап, жаңа бағытта, тың тақырыптар мен соны идеяларды насиҳаттай бастады. Халқымызбен бірге әдеби, мәдени дамуымыз да бұғаудан босап, поэзиямыз ұлттық поэзияға айналды, демократияшыл, азаматтыл рухы биіктеді.

Елдің қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелері қырағы талант назарынан ешқашан да қалтaryста қалмақ емес. Қазіргі акындар біз қандай ұлы жеңістерге жеттік, сол жолда жіберіп алған әттеген-ай дейтін кателіктеріміз бен артықшылардың издеуден көрініп, олардың әдеби, мәдени дамуымы да өз жылдарына арқау етіп келеді. Тәуелсіз елдің нақты белгілентен шекарасы, бостандық алған тіл, дің, діл мәселесі, алыстан ат сабылтып келіп жаткан қандас ағайынның кам-карекеті бәрі де біздің поэзияда көрініс тапкан.

1991 жылы еліміз егемендікке кол жеткізіп, өз алдына дербес мемлекетке айналып, көк байрағын желбіретті. Халық қуанышы қойнына сыймады. Тәуелсіздік таны атқанын жырга қоспаган бірде бір акын болмады. 2000 жылы Темірхан Медетбек «Тағдырлы жылдар жырлары», 2002 жылы Иран – Файып (Оразбаев Иранбек) «Коркыттың көрі» атты жыр кітабы, Нұрлан Оразалин «Фасырмен қоштасу» деген жыр жинағы, Марфуга Айтқожина «Аңсау» атты өлең кітабы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары атанды.

Ақын жастайынан өз жерінің, туған өлкесінің тарихымен, бай ауыз әдебиетімен сусындан өседі. Ерте жастан-ақ өз халқына ғана тән психологиялық қасиеттерді бойына сініріп, елінің тұрмыс-тіршілігімен етепе таныс болады. Бала кезден естіген аныз-ертеғілер мен басқа да фольклорлық шығармалар арқылы туған тілішің өткір де, ұшқыр жақтарынан хабардар болады. «Отан, – дейді Асеев, – өз тіліне, тарихына деген махаббаттан бастау алады» [3.38].

Осы жолда оған бірден-бір көмеккө келетін адамзаттың, мәдениеттің алдынғы катарлы озық жетістіктері, ең алдымен өз ұлтының мәдениеті. Әр жазушы өз ұлтының төл баласы. Оның шығармашылық қызметтіңін өн-бойында оның ұлтына деген сүйіспеншілігі жаңданып, нығаюмен болады.

Бүгінгі лирикалық қаһарман «азатпын», «бостанмын» десе, оның жөні басқа. Темірхан Медетбек «Тәуелсізбін» атты көлемді өлеңінің былай деп шарыккетады.

Тәуелсізбін!

Тәуелсізбін мен бүгін.

Келді міне азаттығым,

Теңдігім.

Бостандықта бойлығым мен ендігім.

Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім. [6.198.]

Тәуелсіздік кезеңінің лирикасы тарихты ұлт мұддесі тұрғысынан сейледеді. Бұрынғыдың жалтақтамайды, бір шоқып екі қарымайды. Кеңес тұсындағы акындар «Жаңа заман, жаңа дүниеге жарамсыздарды бүгін әшкерелеу керек; өртөнге қалдырысаң кешігесін» дейтін. Бұл сол тұстагы акындардың бәріне тән пікір болатын.

Тәуелсіздік әдебиетінің бір ерекшелігі – ел азаттығымен қоса сөз бостандығын да сыйлаған замана кезінде туып дамуы. Қазіргі қазак поэзиясы кітаптарында егемендік куанышы, нарық қайшылықтары, өткеннің өкініштері белен алса, бұл қогамнан әдебиеті жырақ тұра алмайтынына және бір айдай айғақ. Бірақ бостандық тиғен сөздің күнделік тірлікке білек сөз бермейтін өнері бары енді – інді байкалып жүр. Ақын Темірғали Қөпбаевтің «Көзмөншаш» (1998) атты жыр кітабын сөз өнерінің сұлу кешіндегі бөлекше көз тартар көлік бе деп каласын.

Ұлықбек Есдәulet акын ана тілінен жусан мен қымыздың аңқыған исін сезінем дейді. «Қазақ тілі» өлеңінде Мағжан пікірін еселей түседі:

Фарабилер мен Бейбарыстардың

өсіметі өзіңде,

Махамбет сынды жолбарыстардың

Қасиеті бар сөзіңде. [6.222.]

Ақын ана тілін аруақты айбыны есептейді. «Қылышылдан тұрған қылышы» санап, қынга көмгісі келмейді. Қазақ тілінен айырылсақ ұлттық сесімізден айырылып қаламыз дейді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, қазак әдебиетінде негізінен, поэзияда бұрын ашылмаған, өз дәрежесінде жырланбаған, тың тақырып – дін тақырыбына кеңінен жол ашылды. Қазақ қалқы дінімен қайта қауышты. Кеңес заманында аға буын өкілдері шығармашылығынан көрініс таба қоймаған тың тақырыпты жастар жағы ілін әкетті. Шығармаларында діннің қогамдық-әлеуметтік мәні, адамгершілік принциптері мен этикалық ерекшеліктері бүгінті күн тұрғысынан қайта пайымдалып, жаңаша мазмұнда жырлануда.

Қазақ поэзиясына өзіндік үлес косқан, көрнекті акын Мұхамеджан Тазабековтің «Дін Ислам – діңгегім» өлеңінде казактың арғы-бергі тарихында діннің орны бөлек болғанын, ата-бабамыздың ежелден діні мен діліне берік халық екендігін жырлай келіп, тәуелсіздікке қол жеткізгеніміздің өзін сол бес уақыт намазын қаза қылмай, елінің азаттығын аңсал өткен ерлердің ақ тілегінің кабыл болуы дейді.

Діл Ислам болсын бізге неге бөтен,

Текілердің тарихы терең екен.

Кешегі Құлтегін мен Тонықөктеп

Жаратқанга сыйының келген екен...

Өткір тілді ақын халқының бостандыққа қол жеткізсе де, дінге әлі толыққанды мойынсұңбаганын, батыска еліктеушілік пен арак-шарап, ішімдік сапасын улап, жалған жарнамаларға алданып жүргенін айтып налиды.

Т.Көпбаевтың «Қауін» өлеңінде:

Жақыныңа жүргенде жастай налып,

Жылмиған жұрт жерінді қантайды анық.

Қолайсыздау қонағың төрге шықты,

Үлгіргенше кермеге ат байланып.

Кер ат байлан қазақтың кермесінде,

Күн айналып жеткенине кең бесінгे.

Алдарқатып рухынды жеңбесін де,

Қарағайдың басынан шортан көрген,

Коғыл айтып Асан шал келмесін де.[1.41 бет.]

Қандай ақын болмасын тұған халқын, бүтінгісін мен ертегісін катар ойлады. Ұлт болашағына алаңдаған ақын қиялды мұнга батады, болашакқа алаңдайды. Ақын осыны жақсы түсінген, азаматтық парызын өтеу жолындағы табандылығын, мақсаткерлігін көрсетеді.

Ақын-жазушылар қашан да халқының ауыр жүгін арқалар нары да, ақ бестінің ары болған. Болашакта да солай бола берсе деген тілек. Арманымыздың аскагы да сол халық қалауы, ел арманы да соған саяды. Халық қашан да ақындардың үміт-сенімін артқан. Олар да сол сенімнен шығып, өздерінен бұрын әр уақытта халқының қамын ойлап, мұндың мұндалап, жоғын жоқтаған; тоқшылық заманда да, жоқшылық заманда да ел-жүртімен бірге болып, солардың сөзін сөйлеген. Азаматтық Ар жүгін, ел жүгін канша ауыр болса да арқалауға арқасын тосар арқалы да аруакты ақындардың арамыздан көтеп шығары күмәнсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Көпбаев.Т, Жаңғырық. Жырлар. –Алматы: Қазығұрт, 2007,

2. Көпбаев.Т, Кие. Өлеңдер жинағы. –Алматы: Жазушы, 2009,

3. П.Н.Медведев. В лаборатории писателя. Советский писатель, Ленинградское отделение, 1971.

4. Есдәulet Ұ. Киіз кітап! Ұ.Есдәulet.-Астана: Елорда, 2000.

5. Медетбек Т. Тәуелсіздік жылдар жырлары. – Алматы: Жазушы, 2000.